

● Заман талабы

Жаңа мамандықтарға сұраныс артып келеді

Біздің мемлекет үшін ауыл шаруашылығы саласының маңызы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында бұл мәселеге көнінен тоқталды. Иә, бұл саланы дамыту жолында білікті кадрлардың орны бөлек.

Біздің оқу орнымыз біраз жылдардан бері ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау жұмысын жүйелі жүргізіп келеді. Биыл елімізде қуанышылық болып, мал азығын дайындауда біраз қындықтар орын алды. Шаруаны қуанышылық қысып тұрғанда жұздеген гектар жерді қоршарап алып, мал азығына деген сұранысты тіпті ұшындырып жібергендер болды. Мемлекет басшысы өз Жолдауында бұл мәселеге де арнайы тоқталды. Рас, қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткени, мұндай алқаптарды бүгінде шынжыр балак, шұбар тестер иеленіп алған. Әкімдер тұрлі себептерді көлденен тартып, ықпалды адамдардың ығына жынылып, бұл мәселеңі шеше алмай отыр.

Мал басының амандығы ең алдымен ветеринар мамандардың жүйелі жұмысына да байланысты. Бұл тұтеп көлгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей есеп етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Өз саласын жетік білетін білікті басшылар мен тәжірибелі мамандар тізө қосып қимылдағандағанда бұл тығырықтан шығар жол таба алды. Демек, бұл жерде де мәселе кадрга келіп тіреледі. Міне, осы міндеттерді жузеге асыруда еліміздегі іргелі оқу орталарының бірі саналатын М.Әуезов атындағы университеттің атқарып отырған қызметі зор. Оның ішінде аграрлық факультет жұмысын ерекше атап айтуда тұрарлық.

Жалпы, өніріміздегі ауыл шаруашылығы мамандарының мектебі заман талабына сай жылда жетілдіріліп келеді. Осы уақытқа дейін факультетте «жерге орналастыру», «аграрлық техника және технология», «кадастр», «су ресурстарын және суды пайдалану», «агрономия», «топырақтану және агрохимия», «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» және «ветеринариялық-медицина» мамандықтары бойынша мамандар даярланып келсе, өткен жылдан бастап бүгінгі уақыт талабына сай жаңадан «сүмен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау», «кесімдік қорғау және карантин», «жеміс; кекеніс шаруашылығы», «орман шаруашылығын қорғау және карантин» сияқты қосымша төрт мамандық қосылып, факультет бойынша мамандықтар саны он екіге жетті.



Мұнда болашақ мамандар теорияны практикамен ұштастыру үшін дала жұмыстарына да ерте араласады. Білім ордасының меншігінде Тұлкібас ауданы «Жаскешу» ауылында үлкен оқу-өндірістік кешені бар. Бұл кешенде 18 жылдық, 28 ірі қара өсірілуде. Бұл малға білім алушылардың өздері қарайды. Сондай-ақ, елу гектар егістік жері бар. Қала іргесіндегі «Қайнарбулақ» елді мекеніндегі 2,8 гектар алқап та білім алушылардың иглігіне жұмыс істейді. Студенттердің тәжірибесін нығайту мақсатында Тұлкібас ауданындағы «Кентау» шаруа қожалығымен көлісімшартқа отырып, біздің студенттер жыл сайын жынын-терім науқанына қатысады.

Түркістан облысында мал шаруашылығымен айналысатын бірнеше ірі агрокұрылымдар бар. Мысалы түйе шаруашылығымен айналысатын 13 агрокұрылымда төрт мыңнан астам Ойсылқара тұқымы бар, олардың 1918-інген. Ал, 17 ірі шаруа қожалықта 6033 жылдық болса, оның 2725-сі аналық. Мал бордақалайтын ірі агрокұрылымдар саны да жыл өткен сайын көбейіп келеді. Бүгінде 25 құрылымның жалпы сиымдылығы 30 мың ірі қараға арналған.

Өзіміздің жыл сайынғы жүргізілген деректеріміз бойынша біздің түлектеріміздің 90 пайыздан астамы білім алған мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті одан өрі еселең түсеміз деген сенім бар. Қазіргі таңда факультеттімізде үш ірі кафедра бар, тек күндізгі белімнің өзінде 1200-ге жуық, ал, қашықтан оқытын бөлімде 500-дегі астам студент білім алып жүр. Оларға жүзге жуық оқытушы-профессор дәріс береді.

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығын дамыту мақсатындағы бастамаларына біз осылайша үн қатып, Жолдау жүктеген міндеттерге қал-қадірімізше қолдау білдіріп көлеміз.

**Гулмира ЕЛІБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің
аграрлық факультетінің деканы.**